

**Ғани Қарасаев**

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының  
бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
karasayev\_gm@mail.ru*

## **ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ТҮРМЫСЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ, СЕНІМІ XIII-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БАТЫС, ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА**

**Аңдатпа.** Мақалада XIII-XIX ғасырлар аралығындағы қазіргі қазақ даласында болып, жергілікті тұрғындардың тарихы қызықтырған, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, діни-сенімдерімен танысып, осылардың негізіндегі арнайы жазбалар қалдырып, жариялаған еуропалық, ресейлік мемлекеттік қызметкерлердің, жиһангерлер мен зерттеушілердің еңбектеріне талдау берілген. Олардың бұл шығармаларының ғылыми маңыздылығы сараланған.

Осылардың қатарында ғылыми шығармада бұл авторлардың түгелге жуығының Еуразия аңғарының орталығын ата-қонысы еткен қазақ халқының, оның арғы ата-бабаларының өз заманындағы озық шаруашылықтары, қолданбалы және ауызша мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы оңды пікір білдірілгендігі атап көрсетілген.

Мақаланы жазудағы негізгі мақсат та есімдері аталған, еңбектеріне талдау берілген зерттеушілер шығармаларын ғылыми ортаға, қазіргі оқырман қауымға таныстыру болды.

**Түйін сөздер:** сақтар, үйсіндер, ғұндар, түркілер, қыпшақтар Еуропа, Ресей зерттеушілері, Алтын Орда билеушілері, наймандар, Көшім хандығы, «қазақ» ұғымы, қазақтардың шаруашылығы, салт-дәстүрі, діни-сенімдері, Қазақстанның шығыс аймағы, Алтай өңірі

## **ПРОИСХОЖДЕНИЕ, БЫТ, ТРАДИЦИИ, ВЕРОВАНИЯ КАЗАХОВ В РАБОТАХ ЗАПАДНЫХ, РУССКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ XIII - НАЧАЛА XX ВЕКА**

**Ғани Қарасаев**

**Аннотация.** В статье представлен анализ трудов европейских, российских государственных служащих, путешественников и иссле-

---

дователей, побывавших в современных казахских степях XIII-XIX веков, интересующихся историей, хозяйством, культурой, традициями, вероисповеданием местного населения, оставивших и опубликовавших на основе этого особые работы. Была проанализирована научная значимость их работ.

Среди прочего, в научной работе отмечается, что практически все эти авторы положительно относятся к развитой экономике, прикладной и устной культуре, обычаям и традициям казахского народа и их предков, поселившихся в центре Евразийской долины.

Основная цель написания статьи – представить научному сообществу и современному читателю труды названных исследователей, чьи работы были проанализированы в данной работе.

**Ключевые слова:** саки, уйсунны, гунны, тюрки, кипчаки, европейские, русские исследователи, правители Золотой Орды, найманы, Кушумское ханство, понятие «казах», казахская экономика, традиции, религиозные убеждения, Восточный регион Казахстана, Алтайский край.

---

## ORIGIN, LIFE, TRADITIONS, BELIEFS OF THE KAZAKHS IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS OF THE XIII-EARLY XIII CENTURY

Gani Karasaev

**Abstract.** In the article the analysis of works of the European, Russian civil servants, travelers and explorers who have visited the modern Kazakh steppes in the XIII-XIX centuries, interested in history, economy, culture, traditions, beliefs of the local population, who have left and published special works on the basis of it has been presented. The scientific significance of their works was analyzed.

Among other things, the scientific work notes that almost all of these authors have a positive attitude to the developed economy, applied and oral culture, customs and traditions of the Kazakh people and their ancestors, who settled in the center of the Eurasian valley.

The main purpose of writing this article is to present the works of the named researchers, whose works have been analyzed, to the scientific community and modern reader

**Keywords:** Saks, Uysuns, Huns, Turks, Kipchaks, European, Russian researchers, rulers of the Golden Horde, Naimans, Kushum Khanate, the concept of «Kazakh», Kazakh economy, traditions, religious beliefs, the Eastern region of Kazakhstan, Altai region

---

## **Кіріспе**

Еуропа, Қытай, Таяу Шығыс, одан кейінгі орыс жиһангерлерінің, зерттеушілерінің, өлкетанушыларының Еуразия құрлығының ортасындағы кең байтақ өңірді алып жатқан қазіргі қазақ даласына деген назары тіпті сонау көне замандардан бастау алды. Оларды бұл өңірдің табиғи ерекшеліктері, тұрғындарының шаруашылығы, табиғат байлығын білу, тағы да басқалары қызықтырды. Осылармен қатар аталған өңірдегі негізделген мемлекеттік бірлестіктермен қарым-қатынас жасау мүдделілігі де мемлекеттік арнайы тапсырмамен қызмет жасайтын адамдарды, шетелдік зерттеушілердің негізгі мақсаттарына айналды.

Нәтижесінде, тіпті біздің заманымызға дейінгі кезеңдерден-ақ аталған өңір туралы жазба тарихи деректер көне грек, рим, парсы, қытай зерттеушілері тарапынан беріле бастады. Осы уақыттан бастап қазіргі Қазақстанның ерте тұрғындары, мемлекеттік бірлестіктері туралы мағлұматтар сол уақыттағы әлемдік деңгейде жарияланды.

Қазақ даласын жүйелі тұрғыда зерттеу біздің заманымыздың орта ғасырларының басынан одан ары жалғасын тауып, нәтижесінде бұл өлкені білуге деген қызығушылық арта түсті.

Мақалада ХІІІ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басына дейінгі Еуропа, орыс зерттеушілері, өлкетанушылары мен жиһангерлерінің қазақ даласы, оның жекелеген аймақтарының тарихына арналған жазбалары, шығармаларына сараптама жасалынып, деректер келтірілген бұл тарихи туындылардың ғылыми маңыздылығына баға берілген.

## **Материалдар және әдестемесі:**

### **Материалдар.**

Мақалада толығымен тақырыпқа байланысты ХІІІ-ХХ ғасыр басы аралығындағы қазақтар, олардың шығу тегі, салт-дәстүрлері, діни-сенімдері туралы жазған еуропалық, ресейлік зерттеушілердің шығармаларына ғылыми талдау жасалынды.

**Әдістемесі.** Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихшылық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылды.

### **Бақылау және талқылау.**

Еуразия аңғарының орталығын мыңдаған жылдар бойы мекендеп келе жатқан қазақ халқының және оның ата-бабаларының шығу тегі, тұрмысы, салт-дәстүрі, сенімдері туралы еуропалық, орыс

---

ғалымдары тіпті сонау XIII ғасырдың ортасынан жаза бастады. Себебі осы мерзімнен оларға шығыстан келіп, өзінің әскери күші арқылы жолында кездескендердің барлығын бағындыра отыра орыс даласынан асып, бүкіл Еуропаға қауіп төндірген моңғолдармен танысу, оның әскери, шаруашылықтық қуатын білу, алдағы мақсаттарын айқындау, мүмкіндік болса өзара келісімдер жасау тапсырылған арнайы адамдардың қазақ даласы арқылы Моңғолияға баруы бастау алады.

Міне, аталған уақыттан Еуропа зерттеушілерінің жазба деректерінде батысында Каспийден шығысында Алтай тауларына, оңтүстігінде Алатаудан солтүстігінде Сібір аймағына дейін созылып жатқан аймақты қоныс қылған қазақтар, олардың тікелей ата-бабалары – сақтар, үйсіндер, қаңлылар, одан кейінгі түркілердің шығу тегі, мекен еткен жерлері, тұрмыстары, салт-дәстүрлері мен сенімдері, шаруашылықтары, ішкі-сыртқы сауда байланыстары, саяси, әлеуметтік құрылымдары, тағы да басқалары туралы жазып, батыс әлеміне, Ресей қоғамына таныстыра бастады. Бұл жазбалардың басым бөлігінде халқымыздың жоғарыдағы аталған бағыттарындағы тарихы шындық негізінде баяндалды.

Біздің заманымыздың орта ғасырларындағы қазақ даласымен танысуды Рим папасының арнайы тапсырмасымен моңғолдар еліне сапар жасауы кезінде қазіргі Қазақстан территориясының батысындағы Каспий теңізінің бойынан орталығында Арал теңізі, Балхаш көлі, шығысында Тарбағатай тауы арқылы өте отыра сол кездегі жергілікті түркілік рулары тұрғындарының тұрмыстары, салт-дәстүрлерімен танысып, көргендері кейін көптеген тілдерге аударылып, орысша «История Монголов, именуемых нами Татарами» деген атаумен басылып шыққан «Historia Mongalorum quos nos Tartaros appellamus» және «Liber Tartarorum» деген қолжазбаларында жарық көрген италиялық Иоанн де Плано Карпини және сапар қорытындысын «Путешествие в восточные страны» деген кітабында жариялаған фламанд монахы, саяхатшы Гильом де Рубрук болды. Олардың екеуі де алғаш рет өздерінің бұл сапар-күнделіктерінде Еуропа жұртына әсіресе көпсанды, ықпалды «Наймандар», олардың шаруашылықтары, дәстүрлері, сенімдері туралы деректерді жеткізді.

Мысалы, Иоанн де Плано Карпини: «Наймандар Шыңғыс ханның қуатының артқандығын естіп, ашуланды, себебі, бұрын олардың асқан ержүрек императоры болып, басқа халықтар оған алым төлеген еді. Ол қайтыс болғаннан кейін билікке жас және ақылсыз балалары келіп, өзара тартысқа түсті және халықты ұстап тұра алмады. ... Мұны

естіген Шыңғыс өзіне бағынышты адамдарды біріктіріп, наймандар ... жеңілді» [1, 17 б.], – деп жазды.

Иоанн де Плано Карпини қазіргі қазақтардың ата-бабаларының салт-дәстүрлерінен де құнды деректер келтіреді. Атап айтқанда оның: «Әркім өзінің шамасы келгенінше әйел алады: ағасы қайтыс болғаннан кейін оның әйеліне келесі інілерінің біреуі үйленеді және бұл міндетті болып саналады. Басқа әйелдерге олар ешқандай шектеусіз үйленеді және оларды әке-шешелерінен аса қымбатқа сатып алады» [1, 5 б.], – деген мысалдары бұл салттың қазақ халқының жанұялық тұрмыстарында ұзақ мерзімге сақталып келгендігіне айғақ болады.

Гильом де Рубруктың баяндауынша: «Жазықтардың бірінде қуатты халықтарды өздеріне бағындырған наймандардың бақташысы тұрды» [1, 93 б.].

Гильом де Рубрук та Орта ғасырлық Қазақстанның негізгі тұрғындарының тұрмыстары мен қалыптасқан әдет-ғұрыптарынан мағлұматтар келтірген. «Алайда, жазда әзірге, – деп жазады ол, – қымыз, немесе жылқы сүті пайдаланылып, ешқандай да басқа тамақты ойламайды. ...Жылқы ішегінен колбаса жасайды. Қой етін қонақтың алдына қояды, үй иесі өзіне ұнағанын алады, ал, егер біреуге ерекше бөлігін беретін болса, оны түгелдей жеу керек, немесе ешкімге бермей, өзімен бірге алып кетуі қажет. ...Оларда мол мөлшерде қаршыға, сұңқар ұстайды. Олардың барлығын оң қолына қондырып, қаршығаның мойнына қайыспен байлап, білегіне іледі» [1, 75-76 бб.].

Бұлардан кейінгі келесі қазақтардың шығу тегі, тұрмысы, салт-дәстүрі, сенімдері туралы жазғандардың қатарында XVI ғасырдағы С.Герберштейн, XVII ғасырдағы С.Ремезов, XVIII ғасырдағы И.Е.Фишер, Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Глазунов, И.П.Фальк, И.Гмелин, XIX ғасырдағы К.Ф.Ледебур, Г.И.Спасский, А.И.Левшин, Н.Я.Бичурин, К.Риттер, А.Вамбери, В.Сиверс, И.Завалишин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Дж.Кеннан, тағы да басқалары болды.

Айтылғандардың қатарында Қасиетті Рим империясы және Австрия мемлекетінің дипломаты, неміс ғалымы, тарихшы Сигизмунд фон Герберштейн XVI ғасырдың бірінші жартысында екі рет елшілік мақсатпен Мәскеу мемлекетінде болды (1517 және 1526 жж.). Бұл сапарлары кезінде ол саяси қызметімен қатар Орыс еліне қарасты және оған көрші территориялар мен халықтардың жан-жақты тарихын зерттеумен шұғылданды.

Осындай атқарылған істердің қорытындысында 1549 жылы латын

---

тілінде «Rerum Moscoviticarum Commentarii» немесе орыс тіліне аударғанда «Записки о московских делах», деген кітап жарыққа шықты. Аталған кітапта Еуропа қауымы алғаш рет бір орталыққа біріккен Орыс мемлекетінің тарихымен танысты. Зерттеуші негізінен алғанда Ресей еліне жасаған бұл ресми сапарлары уақытында ғылыми құндылығы аса маңызды тағы да басқа естелік-жазбалар дайындап, жариялады. Бұл жазбаларда қазіргі Қазақстан территориясындағы және оған көршілес өңірлердің тұрғындары туралы да бағалы мәліметтер берілді. Мысалы, оның баяндауынша: «Татарлар төмендегідей төрт тайпаға немесе ордаға бөлінеді: Еділ татарлары, Перекоп немесе Ұлан, Қазан, Оқас немесе Ноғай және Казак (Кахасса) Ордасы.

Төртінші орда – Оқас немесе Ноғай татарлары Еділ татарларынан ең соңында бөлініп шықты. Ұлы ханның белгілі құлы және жауынгері, отыз ұлы бар Оқас өлтіріліп, ұлдары басты Еділ Ордасынан бөлініп шығып, Сарай қамалының жанында мөлшермен 1517 жылдан жетпіс жыл немесе одан аз бұрын өмір сүре бастады және өте аз уақытта жылдам көбейіп, қазіргі күні ол ең саны көп және ең үлкеніне айналды. Оқас татарлары татарлардың барлығынан ары солтүстікте тұрады және олардың иеліктерінің шығыс жағынан Московия жалғасады, сондықтан олар соңғысының жерлеріне жиі шабуыл жасап, тонауға ұшыратады. Оларға Оқастың (Ноғайдың) ұлдары мен немерелері билік етеді.

Оқас татарларында ақша болмайды, алайда бір затты келесісімен ауыстырады, яғни құлдарын, ... үй және ауыр заттарды таситын малдарды ауыстырады. Билеушісі жоқ Бесінші орданы Казак Ордасы деп есептейді.

Мүмкін бұл ордаға Меховскийдің Дон өзеніне дейінгі Еуропалық сарматтарда, Алан далаларында казактар қаңғыбастықпен және тонаумен айналысады. Трактаттың авторы «Казак» татар сөзі, ал «козак рутендік (яғни орыстық) міндетті түрдегі алым төлеуші қызметші деген мағынаны білдіреді, олар түскен пайдамен өмір сүреді, ешкімге бағынбайды, кең ауқымдық жазық далада үш, алты, он, жиырма және отыз адамдық топпен кезіп жүреді».

Бұл казактар және де біздің жылнамаларымызда еске алынатындар болуы мүмкін: 1493 жылы татарлар, Орда казактары келіп, Рязань жеріне шабуыл жасап, үш селоны алып, қайтадан қайтып кетті, және осы жылдың қазанында Волохтан Иван Андреевич Суббота, Плещеевтер, Константин Заболоцкий дала арқылы келіп, оларды Татар даласында Орда казактары тонауға ұшыратты. 1500 жылы

(7008) қыркүйекте Азов облысы Козелск маңынан келіп, Козельск Олешня селосын алған Орда казактары князь Иван Перемышльский, және Одоевск князьдары, Петровтың балалары Плещеев Василий мен Иванды қуып жетіп, соққы жығып, тұтқынға алды. Ал басқа татарларды қолға түсіріп, Мәскеуге әкеліп, Ұлы князьға тапсырды.

Одан арғы Герберштейннің деректеріндегі негізгі мәліметтер оңтүстік-орыс даласында көшіп жүрген татарларға арналады. Бұл адамдар кең және қалың бетті, қысық көзді ... орта бойлы; олар беттерінің бір жағына ғана сақал қояды, қалғандарын қырып тастайды. Тек аса белгілілері ғана өте қара шаштарын өреді.

Олардың денелері шымыр, қайсар және алаңсыз көңілділікке құштар. Олар ешқандай да талғамастан жылқыны және басқа жануарларды қандай жағдайда өлгеніне қарамастан жей береді, өздерінің заңдары бойынша тек шошқаның етін пайдаланбайды. Олардың аштық пен ұйқысыздыққа шыдамдылықтары сондай, кей жағдайларда төрт күнге дейін тамақ ішпейді, ұйықтамайды да, осыған қарамастан қажетті жұмыстарды атқара береді. Жеуге жарамды бірдемені тапқан соң, бұрынғы тамақ ішпегендіктерін қайтарғандай ешқандай мөлшерсіз, ештемесін қалтырмай барлығын жей береді; міне осылай тамақ ішпегендіктерін, ауыр еңбектерінің есесін қайтарғандай олар бірден үш немесе төрт күн ұйықтайды.

...Олардың басты құмарлығы, өздерінің түсініктері бойынша адамдарды мықты және толық ететін жылқы сүті болып табылады.

...бір жердегі шөпті тауыса отыра олар табындары, әйелдері және өздерімен бірге арбамен тасып жүретін балаларымен басқа жерге ауысады.

...Ауыр соғыстар кезінде олар өздерінің әйелдері, балалары мен қарттарын неғұрлым қауіпсіз жерлерге жасырады.

...Бухария мен Қыпшақта өздерінің күміс және мыс монеталары бар: біріншісі танге, екіншісі пұл деп аталды. Ресейліктер осы атаумен өздерінің ақшаларын, атап айтқанда күміс ақшаларын деньги, мыстарын пул деп атады. Соңғысы Донскойдың әкесі кезінен қолданысқа енсе, ал бізге белгілі көне күміс ақшалар князь Дмитрийдің кезінен пайдаланылуда» [2].

Қазақтар, олардың шығу тегі, «қазақ» атауы туралы XVIII ғасырдың ортасындағы белгілі неміс зерттеушісі Иоган Ебергард Фишер де жазды. Мысалы ол өзінің Сібір тарихына арналған негізгі кітабында: «Козак (қазақ, – Ғ.Қ.) атауы бір халықтың есімін бермейді. Тұрмыстың бір бағытын білдіреді. Бұл атау жанұясы жоқ немесе баспанасы жоқ деген мағынаны білдіретін татар сөзі.



---

Міне сондықтан да осындай адамдар жанұя туралы ойламайтын, жоғалтатын ештеңесі жоқ, сондықтан кез-келген бұйрық болғанда әртүрлі әрекеттерге, шапқыншылық жасауға дайын тұрады.

Осындай ерекшеліктер тынышсыздықтарымен белгілі Қазақ ордасына тән болды, сондықтан да болар, олар өздерінің шапқыншылықтары және жорықтарымен әрқашан басқа халықтардан асып түсті, кейін бұл атау басқа татар халықтарына да берілді» [3, 59-60 бб.] – деген анықтама жасады.

Қазақтардың шығу тегі, мекендеген өңірлері туралы XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы неміс жаратылыстанушы ғалымы, дәрігер, ботаник, этнограф, Сібір мен Оралды зерттеуші Иоганн Георг Гмелин (1709-1755) де баяндады. Мысалы, оның көрсетуінше: «Ертістің жоғары жағы қалмақ иелігінде, алдымен Зайсан көліне құятын ... өзен.

Ишимнен (Есілден, – Ғ.Қ.) шығыс пен оңтүстікке қарай дала, ол жерлерде қырғыз-қайсақтар көшіп жүргендіктен қазақтық немесе қырғыздық деп аталады» [4, 3; 28 бб.].

Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық Ғылым Академиясы жанындағы баспадан 1799 жылы Ресейге белгілі кітап таратушы Иван Глазуновтың жетекшілігімен жарияланған көптомдық жинақта Батыс Сібір аймағын мекен еткен қазақтардың салт-дәстүрі және өзара құқықтық жағдайдағы қатынас ережелері туралы жазылған. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта жүз рулары қазақтары арасындағы қолданылып келген осы жанұялық-тұрмыстық ережеден мысалдар келтіретін болсақ, онда: «Соттары ұлыстардағы старшындар, ал Хан басқарудан гөрі соттық істерді шешумен басымырақ айналысады, заңның пайдаланылуына бақылау жасап, олардың іске асуын талап етеді. Олардың заңдары біріншіден, Құран арқылы бекітіледі, екіншіден ескі салт бойынша, кейде ерекше жағдайларда нақты әділеттік арқылы бекітіледі.

Кім ер адамды өлтіретін болса, екі жыл бойы оның туыстарының қуғынына ұшырап, осы мерзімде өздері ол үшін жазаланбай, оны өлтіруі мүмкін. Егер де ол өзінің өмірін сақтап қалғысы келсе, өлгеннің туыстарына жүз жылқы, бір адам аманат және екі түйе береді. Бес еркек немесе ұрғашы қой бір жылқыға айырбас ретінде беріледі.

Әйелді, баланы немесе құлды (невольникті) соққыға жыққаны және әйелді қорлағаны үшін оның соңынан бүкіл руы талап ететіндіктен жоғарыдағы аталған айыптың жартысы төленеді. Алайда барлық жағдайларда олардың арасындағы дау бітімшілер және жақтастарының араласуымен бейбіт жолмен шешіледі, бұл



жағдайда да жаппа шеккендерде кейде көп кейде аз жағдайда кешірімге келіседі.

Адамды мүгедек еткені үшін оны өлтіргеннің құнының жартысы төленеді. Үлкен саусақ 100, кішісі 20, ал басқаларына 30-дан 60 қойға дейін төлейді.

Адамды құлағынан айыру оларда аса үлкен қылмыс болып саналып, осылай жапа шеккен адам, осындай зиян келтірген адам кінәсіз болса да үлкен құн алады.

Егер де кімде кім ашу үстінде қарсыласының сақалын немесе екі жынысты адамның да бала өмірге әкелетін мүшесін күшпен қысатын болса, ол соттың шешімімен қатал жазаланады.

Ұрланған кез-келген зат үшін оның құнынан тоғыз есе артық құн төленеді, осылай одан ары жалғастырыла береді» [5], – деп жазылған. Яғни, бұл деректерден XVII ғасырдың соңында қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы негізінің қазақ даласының бар аймағына тарағандығын білуге болады.

XIX ғасырдың басынан белгілі Сібір тарихын зерттеуші Г.Спасскийдің ұйымдастыруымен Санкт-Петербургте бірнеше жылдар бойы шығарылып келген «Сибирский вестник» және «Азиатский вестник» журналдарында Батыс Сібір, Алтай аймағын қоныс еткен көне заманнан басталатын қазақтардың арғы ата-бабалары – көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мен рулардың және одан кейінгі уақыттағы осы өңір қазақтарының әлеуметтік құрылымы, салт-дәстүрлері, шаруашылығы, солардың қатарында қазақ даласына әр түрлі мақсаттармен қоныс аударған халықтар өкілдерімен арадағы әр бағытты қатынас туралы деректер молынан беріліп, Еуропа және Ресей қоғамына таныстырылды.

Мысалы, Сибирский Вестник 1818 жылғы санындағы Г.Спасскийдің «Пример великодушья и человеколюбья» атты хабарламасы жарияланып, онда қоныстанушы орыс шаруалары тарапынан жергілікті қазақтарға көрсетілген адамгершілікті де игілікті өзара қарым-қатынастың нақты мысалы баяндалған [6].

Ал, осы журналдың 1818 жылғы санының төртінші бөлігіндегі жарияланған жазбада: «Верхбухтарминск немесе Печищенская деревнясын каменщиктер негіздеген. Верхбухтарминск деревнясында 20-ға жуық қайырымды және қонақжай каменщиктер қоныстанған. Деревнядан өзеннің ағысымен төмен қарай бірнеше жұпыны киіз үйлерде қырғыздар мекен етеді, жазда олар жылқы және ірі қара малын бағады, ал қыста орыс тұрғындарының үй шаруаларына көмектеседі және осылар арқылы өздері мен

---

жанұяларына тамақтарын табады. Бұл қырғыздар (тастан немесе ағаштан салынған – Ғ.Қ.) үйлерде тұрудың барлық мүмкіншіліктері бола тұра өздерінің киіз үйлерінен айырылғысы келмейді.

Олар үскірік қыстың аязына да шыдамдылықпен төзеді және каменщиктердің жайлы өмірлеріне де қызықпайды. Әдеттен айырылмаудың қыйындығы осында сияқты» [7, 72 б.], – делініп, онда жергілікті қазақтар мен орыс қоныстанушылары арасындағы қатынастың барысы мен қазақтардың тұрмыстық салтынан анықтамалар берілген.

«Азиатский вестник» журналының 1826 жылдың сәуір айындағы санында «Киргиз-кайсаки» деген мақала жарияланып, онда қазақтардың шығу тегі, қалыптасқан өмір салты, табиғатынан қонақжайлылығы туралы деректер келтірілген. «Қырғыз-қайсақтардың, – деп жазылған онда, – шығу тегі туралы пікірлер әртүрлі. Кейбіреулер оларды монғолдардың, келесілері татарлардың ұрпақтары деп есептейді. Алайда, соңғы пікірді неғұрлым дұрыс деп есептеуге болады, себебі қырғыздардың басқа тайпалармен араласып кетулеріне қарамастан, олардың тілдері тура татарлардікі, ...Қырғыздардың бет-пішіндері де олардың татарлардан шыққандығын дәлелдейді.

Ерлері мен әйелдерінің бет-бейнелері ұқсас, алайда соңғылары қалмақтарды көбірек еске түсіреді, олардың кейбіреулерінің бет-жүздері өте әдемі.

Негізінен алғанда, олар өздерімен көрші көшпенді халықтармен салыстырғанда неғұрлым ержүрек және батыл.

Қонақжайлылық қырғыздар арасындағы қалыптасқан мейірбандылықтың түрі ретінде саналады. Кез-келген қырғыз қаншама алыс сапарға шыққанымен өзімен бірге ешқандай да азық түрлерін алмайды, алайда жол бойы ешкімді танымаса да молынан тамақ және мейірмандықтың барлық белгілерін алады. Кез-келген жолға шығушыны олар туғанындай қабылдап, ешқандай ақысыз қолындағы күтумен бірге арнайы көрші ауылдардан қонаққа келушілерді де солай қабылдайды. Келген адамның міндеті сапарында не көрді, не естіді соны айтып беру ғана болып табылады» [8].

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Сібір өңіріне ғылыми-зерттеу мақсатында сапар жасаған швед жиһангері, натуралист Иоган Петер Фальктің зерттеушілер тобының құрамында болған грек жиһангері, емші Христофор Барданес 1771 жылы екі рет қырғыз даласында, анығын айтқанда Алтай өңірінде болып, өзінің көргендерін, солардың ішіндегі қазақтардың тұрмысы мен салт-

дәстүрлері туралы жазған. Сол мерзімдегі орын алған қазақ-жоңғар қатынасынан құнды мәліметтер келтіреді. Мысалы өзінің жүргізген күнделігінде ол осындай мазмұндағы төмендегідей деректер береді: «26 шілде. Осы күнгі түс кезінде мен Орта Қырғыз ордасының кіші ұлысының старшыны сұлтан немесе князь Маметтің ауылына бардым және онда құрметпен силы қонақ ретінде қарсы алындым. Оның ордасы немесе деревнясы (ауыл) үшеуі оның дәрежесіне сай ақ киізден жасалған және таза, ал қалғандары қызметкерлері мен малшыларына арналған қарапайым, барлығы 8 киіз үйден тұрды.

Сұлтан қабылдағанға дейін оның ұлдары менімен әңгімелесіп отырды. Оның үйі ортасы шымылдықпен (завесой) бөлінген, үлкен. Ортасында оттың үстіндегі үлкен темір қазанда малдың еті мен астық жармасы пісірілуде, жағалай киімдер тағы да басқалар салынған үлкен және кіші тері жәшіктер орналасқан. Кіре беріске қарсы ошақтың арғы жағына сұлтан мен әйелі малдас құрып отырған жастық салынған парсы кілемі жайылған. Менің оларға қарсы жағында отыруым керек болды.

Сұлтанның жасы 60-ға, қара сақалды, арықша келген. Ол жібек шапан жамылып, алтынмен көмкерілген қалпақ киген. Ширақ пішінді. Оның әйелі 40 жаста, неғұрлым дәрежелі (весьма сановнита), бұхарлық жартылай жібек көйлек киіп, жібек орамал тартқан, басындағы орамалының екі жағынан беті арқылы әсем өрнектелген шашақтар өрілген. Оларға ізет көрсете отыра мен өзіммен бірге аз алғанымға кешірім сұрай отыра князьға мен фунт сабын, Омбыда 7 тиынға сатып алған айна, 3 копейка төлеген жүзік және бірнеше инені сыйға тарттым.

Ол одан кейін менен қымыз немесе ашыған спирттелген бие сүтін ішетіндігімді сұрады, мен ішемін деп айтқаннан кейін маған қымыз одан фарфор ыдыспен кейін қантсыз және балсыз тек пісірілген сүт қосылған жақсы шай әкелді. Біздің әңгімеміз көңілді тұрғыда өрбіді. Ол (Сұлтан, – Ғ.Қ.) Монархтың денсаулығы туралы сұрап, өзінің Ресей Империясына деген игі тілектерін білдірді. Қалмақтарды қууға оның өзі қатысқан және бірнеше адамын тұтқынға алған, жанұялы 6-7 қалмақ оның құлдары қызметін атқарады, алайда оларға жақсы қарайды. ...Соңында ол мені бір торсық қымыз және қоймен достық пейілмен шығарып салды және жолбасшы ретінде бірнеше қырғызды қосып берді» [9].

XIX ғасырдың басында (1826 жыл) Батыс Сібірдің Алтай өңіріне белгілі неміс ғалымы, ботаник, педагог, жиһангер Карл Христиан Фридрих Ледебур тоғыз айға созылған саяхат жасап,

---

осындағы Орта Жүз қазақтарының арасында болды, олардың өмірлері, шаруашылықтары, тұрмыс салттарымен жеткілікті тұрғыда танысты. Зерттеу нәтижесі 1829 жылы Дерпт қаласында «Путешествие по Алтайским горам и предгорьям Алтая» деген атаумен жарияланды. «Бұл қырғыздар, – деп жазады зерттеуші, – егін шаруашылығымен айналыспайды және малдары да аз; олар негізінен алғанда шаруаларға, көбінесе казактардың малдарын бағуға жалданады, мұнымен бірге сөзсіз ұрлықпен айналысады, әсіресе олар жылқы ұрлаушылар ретінде ерекше белгілі. Ұрланған жылқыларды олар одан ары табу мен қайтару қиын болатындықтан жылдам Ертіс өзені арқылы Қырғыз даласына айдап әкетеді.

Шаруалар біреуі Убинскіден екі шақырым ғана орналасқан, казак форпостары жанына қоныстанатын, қырғыздармен, көрші болғандықтарына жиі шағым айтады.

Өкінішке орай біз Қамбардың не інілеріне, не немерелеріне кездесе алмадық. Қарт өзінің қайын атасына қонаққа кетіпті, ал ұлдары оны Күршімге дейін шығарып салды. Алайда біз бірден киіз үйлердің біріне орналастық және кешкі асқа бізге ешкі сойды. Кешке бізді қырғыздардың тобы қоршап, олардың бірнешеуі кобызда ойнады. Бұл аспап скрипкаға өте ұқсас, алайда алдыңғы беті жоқ. Сандары анықталмаған шектері жылқының қылынан жасалған. Мұнда төртеу болды, кейде екеу ғана болады деп айтады. Скрипкадағы кішкентей таяқпен ойнайды. Сазы қарапайым, қысқа және жиі қайталанып отырады.

Аға сұлтан – орта бойлы, арықша келген, силасты және қайырымды. Алайда оның екінші інісі – толық, болыстықтағы бірінші күш иесі атанған қуатты ер кісі, керісінше ерекше мақтаншақ, тәкаппар және өзін қоршағандармен едәуір деңгейде менсібей қатынас жасайды. Үшінші інісі, алып денелі, өзінің жастығына қарамастан (оның жасы ұзағанда 18-20 арасында) өте сымбатты. Ортаншы ініге тиесілі такаппарлығын көрсетпейді, қолайсыз аю сияқты әрекет жасайды.

Көктемде Ертіс мұздан босанғаннан кейін балықшылар Нор-Зайсан мен Ертістің жоғары ағысына ұмтылады. Негізінен екіден алты адамға дейін ұйымдаса отыра, бірге аулау үшін артель құрады. Балық аулау құралдарын, ұн, тұз және арақ алып, олар қайықпен Ертістің жоғары ағысына қарай жүзіп, өздеріне қолайлы балық аулайтын жерлерді таңдайды. Көпшілігі Ертістің төменгі ағысына тоқтайды, ал кейбіреулері ғана өзеннің жоғары ағысынан аулау үшін Нор-Зайсанды кесіп өтеді. Көпшілігі мұнда бірнеше ай ғана

болады, кейбіреулері терең күзге дейін қалады, ал бір-екеуі бүкіл қыс бойы балық аулайды.

Ертісте негізінен осетр, стерляд ауланады. Балықтың бұл екі түрі де мұнда қызыл балық деп аталады. Нор-Зайсанда және Ертістің жоғары ағысында негізінен нельма және таймен, аздап налим және Ертістің төменгі ағысында да болатын нельма және тайменмен бірге қызыл балық деп аталатын шортан ауланады.

Балық аулаудың әдістері әр түрлі, балықшылар осетр және ақ балықты аулауға тырысады. Осетр балықтарын аулаудың неғұрлым қолайлы уақыты көктем деп есептеледі, жазда олар мүлдемге ауланбайды, ал күзде көктемге қарағанда мүлдем аз ауланады.

Қырғыздар Аблақиттың маңайында болмағанымен, бұл халықтың пайда табу үшін өздерінің жайылымдарынан алысқа кететіндіктерінен, сақтықтың шараларын жасауға мәжбүр болдық. Мысалы, 28 маусым күні екі қырғыз Ертістің сол жағалауындағы қамалдан екі верст жердегі басқа қырғыздардың жылқыларын алып кетті. Мұнда сонымен бірге бірнеше күн бұрын Усть-Каменогорскіден шыққан бір қырғыз сұлтанын аңду мен тонау және бірнеше жыл бұрын осы болыстықтағы сұлтан жасаған тонашылықтың қайтарымын алу мақсатымен 1000-нан артық қырғыздардың жиналғандығы туралы хабар алынды. Сұлтанның бандиттерден құтылып кетуі қиын екендігінен қауіптендік.

Қарқаралы мен Семиарск арасында қырғыздардың шабуылының қауіпін азайту мақсатында жалғыз сапарға шығуға қатаң тиым салынған. Алайда айтулар бойынша, жол қауіпсіз жағдайда, біз күйеулерінің қолдауынсыз арбалармен Қарқаралыға бара жатқан жекелеген әйелдерді кездестірдік.

Орыстардың жақындығы қырғыздарға әсер ете бастады. Орыс тәртіптерін олар таңдана және сенімсіздікпен қабылдауда, алайда қажеттігін ұғынады. Өткен қыста олар мал азығының болмауынан малдарының үштен бірінен айырылды, орыстар болса жеткілікті пішен дайындады және олардың табындары толығымен сақталды. Міне сондықтан да қырғыздар пішен дайындаудың артықшылығына көздері жетті және көпшілігінің осындай қор арқылы малдарын аштан өлуден сақтауға деген ұмтылыс пайда болды.

Алайда олар осындай жаңа өзгерістерден кейін туыстарының арасында күлкіге, тіпті жеккөрінушілікке ұшыраудан қорқады, сондықтан да барлығы бұрынғы қалпында қалуда. Мұндай жағдай егіншілікке де байланысты болды. Қырғыздар астық қорына да

---

ие болғысы келеді, алайда көзалдар ұялу, әрине жалқаулық бұл іспен айналысуға мүмкіндік бермейді. Алайда көпшілігі қазір бұл іспен айналысуға шешім қабылдап, Ірбіттен егіншаруашылығы құралдарын алуда. Бір қырғыз тіпті биылғы жылы егін салып, өніміне дән риза болды. Қырғыздардың қыс кезіндегі қиыншылықтарын жеңілдету үшін мүмкіндігінше қолайлы бағамен сатылып жатқан астықтың елеуі қоры жасалған.

Ағаштан салынған үйлердің әсіресе қыс уақытында олардың киіз үйлерімен салыстырғандағы артықшылығы да қырғыздарға түсінікті, және жекелеген сұлтандар, тағы да басқа бай қырғыздар Қарқаралы маңынан салғылары келеді.

Қырғыздар жеңілтек, жауыз, тәртіпсіздікке бейім және түгелге жуық жалқау; көбіне барлық уақытта темекі тартып, қысыр әңгіме айтып, киіз үйде отыра беруді ұнатады. Егерде қарақшылық шабуыл жасау керек болса, қырғыздар барлық қиындықты ұмытып кетеді және оларда өздерінің мақсаттарына ұмтылғанда ерекше икемділік пен қулық пайда болады және ұрланған малды табу мүмкін болмайтындай етіп шеберлікпен іздерін жасырады. Сонымен қатар олар ұстамды және маскүнемдікке берілмейді.

Қырғыздар қонақжай, сондықтан да әрбір жолаушы оларды тамақтандырып, шөлдерін қандыратындығын біледі. Киіз үйге таяғанда оның иелері қарсы алып, өздерінің ықыластарын «аман» деген сөзбен білдіреді. Үй иесінің ұлдарының бірі немесе келесі туысы қонақты аттан түсіріп, екі жақты сәлемдесу орын алады, сонымен бірге бір бірлерінің оң қолдарын қос қолдарымен қысу ізетін білдіреді. Таныстарын қатты құшақтайды. Осындай достық ықыласпен кетушілерді де шығарып салады және үй иесі немесе оның туыстарының бірі қонақты атқа отырғызады. Әзірге ауылда болған кезінде оның тұрғындары оны тонамайды және де жасырын ештеңенді алмайтындығына сеніммен есепке алуға болады. Әзірге ауылда болғаныңда саған ешқандай ренжушілік көрсетпеумен бірге барлық қолайсыз жағдайлар болдырмауға тырысады, жерлесіндей қатынас жасайды.

Алайда осы қырғыздар сен ауылдан бірнеше верст шығып кеткеннен кейін әрекеті білмей қалатын жағдай туысымен ақ сізді тонаушылыққа ұшыратудан қаймықпайды.

... Қырғыздар тонаушылыққа бейім, осыдан барып өздеріне ұнаған заттарды күшпен немесе қулықпен алуға әрекет жасайды. Алайда оларды мүлдем ұры деп айтуға болмас, өйткені өз ауылдарында ұрлық мүлдемге жуық болмайды»[10].

Қазақтардың шығу тарихы, салт-дәстүрі, әлеуметтік құрылымы туралы ХІХ ғасырдың бірінші жартысында белгілі Ресей ғалымы Н.Я.Бичурин (монах Якинф) де кеңінен баяндады. Атап айтқанда ол: «Казак, қытайша Хасақ Іледен солтүстік - батысқа қарай жатқан үлкен иеліктер жүйесі. Цань-лунның (1756) 21-жылғы билігі мерзімінде қытай әскерлері қазақ жеріне еніп, Абылай хан оларды қарсы алуға шығып, Қытай билігін қабылдады, және осы үшін билеушіден хандық дәрежеге сенім хат пен күнтізбе (календарь) алды. Осы уақыттан бастап оның барлық иелігі Қытайға өтті.

Мұнда қалалар мен қоныстарды білмейді. Егіншілікпен айналыспайды, киіз үйлерде тұрады, мал өнімдерімен қоректенеді. ... Иелерін (Владельца) Би деп атайды. Қазіргі күнгі әміршілері Абылай би. Оның иеліктері едәуір ауқымды; байлары 10000 дейінгі ірі қара мал мен жылқы ұстайды, ал қойдың саны жоқ. Әйелдері ереже бойынша ағасынан інісіне өтіп отырады.

Ұлдарын 16 жасқа толғанда бөлек шығарады және өздері өмір сүре алулары үшін малдың бір бөлігімен қамтамасыз етеді. Той кезінде түйе, жылқы, ірі қара және қой еттерін пайдаланады, қымыздан шарап жасайды.

Егер біреу кінәлі іс жасайтын болса, онда қылмыскерді жалпы жиында соттайды. Аз кінәсі үшін малмен айып салады, ал үлкен кінәсі үшін барлығының шешімімен өлім жазасына кесіледі, және кінәлінің мүлкі билеушінің қатысуынсыз өзара бөліске салынады.

Әскери істе билеуші халықпен ақылдасады, жорыққа шыққысы келмегендерді міндеттемейді. Жылсайын Қытайға ірі қара мал мен жылқының әр жүзінен бір бастан, ал қойдан әр мың бастан бір қойдан салық төлейді. Іле қолбасшысы олардың иеліктеріне осы салықты жинау үшін шенеуніктер жібереді. Алғашқы талап кезінде билеуші мен старшындар оны аса келіспеушілікпен қарсы алды. Билеуші оларды (салық жинаушыларды, – Ғ.Қ.) барынша иландыруға тырысты, бірақ соңында бұл салықты төлеуге еріксізден келісті. Осыдан кейін жайсыз қорытындылардың болмауы үшін жыл сайын оны толығымен және кешіктірмей төлеп отырады»[11] – деген деректер береді.

Қазақтардың шығу тегі, өмір-салты туралы ХІХ ғасырдың ортасындағы белгілі Сібірді зерттеуші И.Завалишин де жеткілікті тұрғыда баяндады. «Жаз уақытында қырғыздың киіз үйі, – деп жазады ол, – орыс адамдарына да көптеген жайлы минуттарды қамтамасыз етеді. Оның дөңгелек түрі және жиналатын қабырғаларының кигізбен жабылуы жиі көш кезінде қолайлы, ал жаздың ыстығы оған кедергі



---

емес, жаңбыр одан өтпейді және ешқандай да жел ішке кірмейді. Байларда киіз үйінің ішкі қабырғасына қамыстан өрілген төсеніш жабылған, бұхар кілемдері, жұмсақ төсек пен үйілген жастық, тіпті біздің еуропалық кабинеттік жихаздар қойылған. Мұндай үйлер әрқашан қонақтар қабылдауға дайын. Ал таза дала ауасы (әрине жазғы ыстыққа дейін), үнемі қимыл, жұпар иісті қымыз және семіз қой еті, жасыл желекті дала, ағыны қатты өзендер мен бастаулардың аққан дауысы асығысты және тынымсыз ауыл өмірі – адамзаттың балалық шақты өмірін көз алдыға әкеледі.

Ауқатты ауылдарда киіз үйлерді алыстан көктем мерзіміндегі ақ түсті лагердей көрінетін ақ киізден жасайды. Сонымен қатар көктем-жаз кезіндегі көш даланың осы тұрғындары үшін нағыз мейрам болып табылады.

Жігіттік сайыстар, өлең, айтулы тойлар, оларда сойылған тұтастай қойлар, қымыздың көңіл көтерер әсері – осының барлығы еріксізден әуестендіріп, өзіне тартады. Кей кездерде ауыл жаз ішіндегі осындай мейрамдар кезінде бір жерден екіншісіне біртіндеп 1000 және одан да көп қашықтыққа жылжиды.

Негізінен алғанда, дала заңы, анығын айтқанда салт бойынша көш орындары мен жайылымдықтар қатал анықталып, әр ру бойынша белгіленген: олай болмағанда малдың мұндай аса молдығынан көшудің өзі мүмкін емес еді.

... Орыс тілін өте жақсы білетіндер және жақсы сөйлей алатындар (байлар мен ақсүйектер) ресми кездесулерде ешқашан да бірден емес, аудармашылар арқылы ғана қатынас жасайды. Олардың жағымсыз қасиеттері бар: алдауға дайын тұру, жыртқыштыққа әуестік, құпиясын ашпау, даңққұмарлық, кекшілдік – бұл кемшіліктердің барлығы Азия халықтарына тән әдеттер. ...алайда қырғыздар қонақжай, қонақ олар үшін ең қасиетті, егерде ол шынайы сөз беретін болса, қаншама қиын жағдай туса да оны орындайды. Кей жағдайларда бүкіл ауыл ұрыны жазалаудан құтқару үшін үлкен алым төлейді.

...Қырғыздар сөзсіз ержүрек, сонымен бірге қалмақтар және жоңғарлармен соғыста жеңіске жетіп отырды, ... Олардың шабуылдары аса жылдам және жауларына қарсы шабуылға айқаймен, ұран тастаулармен шығады» [12, 36, 39 б.].

Қазақтардың шығу тарихы, тұрмысы, діни сенімдерін зерттеумен XIX ғасырдың ортасында венгр ғалымы, саяхатшы, еуропа-азиялық тілдердің пайда болып, таралуын зерттеумен Арминий Вамбери де айналысты. Өзінің 1864 жылы Орта Азия халықтарын, соның ішінде

қазақ даласына алған сапарының қорытындысында дайындалып, жарияланған, бірден барлық Еуропа елдері тілдеріне аударылған «Путешествие по Средней Азии», атты кітабын жазу және бұл өңірге ғылыми сапарының мақсатын баяндай келе «Венгр тілі Алтай тілдер тобына жататындығын әркім біледі, алайда оның фин немесе татар бөлігін құрайтындығын анықтау маңызды» деп жазды.

Осы кітабының «Киргизы» деген тарауында зерттеуші қазақтардың қалыптасқан рухани салт-дәстүрлеріне: «Олардағы діни сенімдері барлық мұсылмандардікі сияқты болғанымен, әлеуметтік қатынастарына қарай, аса қатты сақталмайды. Мұндай жағдай барлық көшпенділерге тән сияқты. Арабтардың Орта Азияны жаулауларынан бұрын және одан кейін де қырғыздар шамандықты сақтап келді, және де араб діндарларының ілімдері тамырының тереңге кете қоймағандығынан олардың бұрынғы сенімдерінің көпшілігінің сақталып отырғандығы ғажайып емес.

Материалдық жағдайлары барлығынан да қажетті болғандықтан олар дінді екінші қатарлы деп санайды. Олар өзін мұсылман деп есептейді, алайда сиынуға ережелерін сақтау, тағы да басқа діни талаптарға өте аз көңіл бөледі, керісінше барлық халықтардағы балалық жас деңгейіндегі ырымдарға сену мұнда елеулі орын алады» [13, 273- 274бб.], – деген анықтамалар келтіреді.

Алтай өңірі қазақтарының тұрмысы, өмір салты туралы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы белгілі Батыс Сібір тарихын зерттеуші, неміс ғалымы, географ Карл Риттер іргелі зерттеулерін арнады. Ол өзінің ғылыми сапары кезінде Алтай өңірі қазақтарының арасында болып, олардың шығу тарихы, тұрмыс салттарымен кеңінен танысты. Осы зерттеулерінің: «Қырғыздардың Тарбағатай Альпісіндегі жазғы жайылымдықтары мен көшпелі тұрмыс-салты» деген тарауында ол «Жиһангерлердің қайта оралуына арналған атап өтуге байланысты тау қырғыздарының бейбіт руларының ауылында қой сойылып, қымыз дайындалды. Бірінші жотадағы киіз үй ер және әйелдермен лық толды.

Қонақтарға ыждағаттылықпен нан мен тұзсыз және әрине қасық және шанышқасыз пісірілген және қуырылған қой еті ұсынылды, ол ашытылған қымызбен жалғастырылды. Екі ер адам бір сарынмен сандық пен қобызда еркін ойнады, біріншісі скрипка, екіншісі балалайка іспетті.

Еркектер қой сойып, кешке ас дайындады, әйелдер қонақтармен тамақ ішуге қатыспады, киіз үйдің ішінде басқа жұмыстармен айналысты. ... Қолы бос еркектер сақалдарын қасумен айналысады.

---

Қырғыз әйелдері күйеулерінің күндеріндей үнемі үй жұмысымен айналысады. Олар мал табынын сауады, май, ірімшік және қымыз дайындайды, олар атты ерттеп, оған тамақ береді, көш кезінде киіз үйді тігеді, ерлеріне киім, тіпті етікке дейін тігеді және түйе жүнін өте шеберлікпен токиды және өреді. Қырғыз осы уақытта ішіп, жейді, ұйықтайды, шылым шегеді, малды айдайды, аңға шығады және барымтамен айналысады.

... Боғас өзеніне жеткеннен кейін келесі күнгі жақын сапарда олар сұлтан Сарембеттің (13 шілде) ауылы орналасқан тауға жетті. ... Сарембеттің киіз үйінде саяхатшы Орта Қырғыз ордасында қалыптасқан қонақжайлылыққа тап болды.

... Сиверстің ауылға келгенінде мол санды ешкі, қой, жылқы, ірі қара мал және 500-ге жуық түйе өрістен оралды; қыз балалар оларды саууға кірісті. Қонақтар (саны 36) кешкі қонақасыға шақырылды. Келесі күнде осындай молшылықты қонақ күту жағдайында өтті, соның ішінде маңайға серуен жасалып, Зайсанға жаңа сапарға азық-түлік дайындалды. Сиверс те өз есебінен мерекелік ас берді. ... Ауылға жас қызға құда түсіп, қалым әкелген таныс емес қырғыздар келіп жетті.

... Боғастың жоғары ағысы жағасында құдаларға арналған үлкен сый көрсетулер басталды. Түске қарай (18 шілде) қоршай отырып, темекі тартып, қымыз ішіп, қатты сөйлесіп отырған 60 адам қонаққа арналған құлын және екі қой сойылды. ... Екі жас жігіт үйдегілердің біреуі ағаш кеселермен толтырған қымыз тарата бастады, киіз үйдің есік жағындағы ішінде қожайынның әпкесі алақандарына ірімшікті толтырып, асқан икемділікпен қонақтарға арнап шаша бастады. Тек біржарым сағаттан кейін ғана дайындалған ас әкелінді. Алдымен туралған жылқының басын ағаш астауға салып әкелді. Бұл үлкендер мен сиыларға берілетін құрметті ас. Одан кейін жылқының қалған бөліктерін әкелді. Киіз үйдің алдында отырған әйелдерге де ас берілді, тек 80 жастағы Сәрімбеттің әйелі қожайынның артында отырып, киіз үйде бізбен бірге тамақ жеді. Келесі күні (19 шілде) көптеген даулардан кейін құдалармен келісім басталды, күйеудің әкесі қалыңдыққа 600 рубльге бағаланатын 70 жылқы беруге міндеттенді. 20-шілде күні құдалар нағыз той басталғанға дейін 30 бие беріп, қайтып кетті.

Осындай көңілді, өлең айтумен жалғастырылған мейрам мұсылмандық ережелері емес көне патриархалдық салттарды еске алады: ал мұның өзі басқа елдерде оларды тағылар және тонаушылар деп атағанымен қырғыздардың өз елі, бейбіт мекенінде

қасиетті салттары бар екендігін, рухани өмірлерін үнемі дамытып отыратындықтарын көрсетеді. Олардың келесі озық қасиеті төмендегідей. Кез-келген қырғыздың үйіне қонақ өзіне келгендей еркін кіріп, заттарын өзінікіндей пайдалана алады, егерде ол үй иелерімен темекісін бөліссе, қайырымды адам ретінде қабылданып, қалағанынша қымыз беріледі

...Сібірлік орыстармен араласқан басқа бұратаналармен салыстырғанда мұнда арақ пен шарапқа әлі құмарланбаған.

...Ұрлыққа деген, негізінен жылқы ұрлауға деген құмарлық барлық қырғыздарда орын алған. Тіпті ең қонақжай дегендері керуендерді (әсіресе Бұқарма, Абылайкит маңайында, одан ары Үлкен және Кіші Орда жерлерінде) тонайды» [14, 164,165,167,168,17166]», – деп жазады.

Ресейдің XIX ғасырдың соңындағы белгілі ғалымы, тарихшы, географ П.П.Семенов-Тянь-Шанскийде өз шығармаларында қазақтардың қазіргі территориясындағы өсіп, өркендеу тарихы, қазақ-жоңғар, қазақ-орыс қатынастары туралы жазды. Оның баяндауынша: «Қырғыздар немесе Қырғыз-Қайсақтар түрік тілінің шығыс ерекшелігімен сөйлеседі, мұсылман дінін ұстанады, далалық өңірде патриархалды көпәйел алу салтымен (гаремдік емес) өмір сүреді және өздерінің көне шамандық сенімдерінің көптеген салттары мен дәстүрлерін сақтаған. Қырғыз-Қайсақ одағы қаралып отырған өңірлерде XV ғасыр көлемінде алайда көпшілігі түркі тайпасына жататын өте әртүрлі және әр атаулы көшпелі ортаазиялық рулардың жиынтығынан негізделген.

XV және XVI ғасырларда өзінің дамуының шегіне жеткен бұл Қырғыз-Қайсақ одағы XVIII ғасырдың басынан құлдырауға ұшырап, сол уақыттан бастап өзінің одан жағдайдан құтылуын Ресейге бағынудан іздеді. 1731 жылғы Ресейге жақын Кіші қырғыз ордасының, әсіресе қытайлар қиратқаннан кейінгі Жоңғар патшалығы талқандалғаннан соң қырғыздардың далалық шет аймақтарының тайпалары бірінен соң бірі Ресейге бағына бастады. Бұл бағыну әрбір қырғыз руының біріншіден, өздерінің оңтүстік пен шығыстағы тынышсыз, тәуелсіз көршілерінің тонау шапқыншылықтарынан, келесі жағынан, Ресейдің құрамына еніп, солтүстігі мен батыс жағынан сенімді қорғалған, оның қолдауын ала отыра әзірге еркін қырғыздардың жерлеріне жылжуларынан (между молотом и наковальной) от пен судың ортасында қалғандай болуынан еді. Осының барлығы орыс үкіметінің көшпенді қырғыздардың шабуылдарынан қорғану және орыс шет аймақтарында алғашқы қоныстанушылар – Жайық, Орынбор және Сібір казактары үшін негізделген ұзақ және күшейтілген Орал-Сібір-Ертіс жүйелерінен тыс жерлерде орын алды; бұл жүйе Оралдың етегінен осы аттас

---

өзен арқылы жоғары қарай, одан ары оңтүстік шекара бойымен Петропавловск мен Омскіден Ертіске, соңында осы өзенмен жоғары қарай Усть-Каменогорскіге шықты. Одан кейінгі ХІХ ғасырдың екінші ширегінен үкімет өзінің бекіністерін қырғыз даласының терең ортасына дейін жылжыта бастады» [15, 121б.].

Қазақтардың шығу тегі, тұрмыс-салттары туралы Қазақстанның шығысы, Алтай өңірінде болған ХІХ ғасырдың екінші жартысы, ХХ ғасырдың басындағы белгілі неміс географы, саяхатшы Фридрих Вильгельм Сиверс те кеңінен жазды. Мысалы ол өзінің ХХ ғасырдың басында жарияланған «Азия» атты зерттеу кітабында ол көне жазба мағлұматтарға сүйене отыра, қазақтардың қалыптасуы, негізгі мекен еткен территориясы туралы: «Азиялық Ресейдің ең сандары мол, сонымен бірге барлық түркі-татарлардың ішіндегі маңызды халық қырғыздар болып табылады. Олар Еділ мен Тянь-Шань, Амудария мен Обь аралығындағы барлық кеңістікті алып жатыр және сандары 2,1-9 миллион адамға жетеді. Олар туралы қытайлықтар тіпті Ү ғасырда атап өткен. ... Олардың атаулары осындай жағдайлардан барып, сарттарға қарама-қарсы, қыдырымпаздар, көшпенділер деген мағына береді. (Негізінен алғанда қырғыздар өздерін қазақтармыз деп атайды, ал, бұл атау «еркін адам, көшпеді» деген мағына береді, алайда «қырғыз» сөзі оларға көршілері берген атау бойынша «тонаушы») ...

Лэндсделль бізге қырғыздардың озық мінез-қылықтарын жеткізеді: «Қырғыз барлығын ашық айтады (прямодушен), шындықты ғана айтады, тәртіпті, алайда бұл қасиеттерді олар байю мүмкіндігі туғанға дейін сақтайды. Қырғыз өзінің құмарлығын баса алатындығын көрсеткісі келгенімен ішкі тепе-теңдік бұзылғанда ол шектен асар ашуға дейін барады, олардағы бұл қасиет монғолдардан тараған барлық шығыс тайпаларына тән.

Қырғыздардың ешкіммен салыстыруға болмайтын білуге құмарлығы мен табиғат ауыртпашылығына шыдамдылығы және кең тараған қонақжайлылығы ерекше айтуға тұрарлық. Қырғыздар мұсылмандықты ұстағанымен ерте шамандықтың көптеген салттарын сақтаған. Олардың тілі әрі мазмұнды және әдемі өлеңдер мен аңыздарға бай» [16, 274,277,278,280,274бб.]], – деген анықтама береді.

ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ жерінде, соның ішінде Семей өңірі мен қаласында болған американдық саясаткер, тарихшы Джордж Фрост Кеннан осы қалаға саяси жер-аударылушылардың өмірлермен таныса отыра Семей қаласындағы Орталық кітапханаға келіп, философиялық, саяси тақырыптағы кітаптарға тапсырыс беріп, оқумен айналысатын қазақ туралы жазған. Осы мазмұндағы оның баяндауынша: «Алыс жолдан біршама дем

алғаннан кейін, сәрсебі күні біз казактардан алынған жәмшікпен Омбыдан үш атты арбамен шығып, Семипалатинскіге бет алдық. ...

(Семейдегі жераударылушылармен, – Ғ.Қ.) әңгімеміз біраздан кейін әсерлі және еркін жағдайда өтті. Леонтьев мырза қалалық кітапхана және онымен қатынастағы жераударылушылармен арадағы кездесетін қиындықтар туралы әңгімеледі. Ол сонымен қатар бұратаналардың ой-қабілеттерінің дамуындағы оның орасан зор маңызын атап көрсетті. Тіпті қырғыздар да оны (кітапхананы, – Ғ.Қ.) пайдаланады. Мен мұнда Бокльді, Миллді және Дреперді оқитын егде қырғызды білемін.

- Шындығында қырғыз ба?

- Иә қырғыз, – деп жауап берді Леонтьев. – Менің онымен бірінші кездесуімде оған индукция мен дедукция арасындағы айырмашылықты түсіндіріп беру туралы сұраған өтініші мені қайран қалдырды. Соңынан менің білгенімдей, ол ағылшын философтары мен жоғарыда аталған авторлардың шығармаларын оқиды екен.

- Ол оларды түсінеді деп ойлайсыз ба?

- Мен онымен екі кеш бойы Дрепердің «Умственное развитие Европы» атты кітабы туралы әңгімелестім және оның оқығандарын ұғатындығына көзім жетті, – деп жауап берді Леонтьев» [17, 34,48].

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, XVI-XX ғасыр басындағы Еуропалық және ресейлік зерттеушілердің ғылыми шығармаларындағы қазақтардың және олардың арғы ата-бабаларының шығу тегі, салт-дәстүрлері мен сенімдерін баяндайтын деректер өздерінің тарихи құндылықтарымен ерекшеленеді.

Бұл шығармалардың басым бөлігінде қазақ халқына деген оңды баға берілген. Осылар арқылы Еуропа, Ресей, одан ары әлемдік қауымдастыққа біздің ұлтымыздың көпқырлы тарихы мүмкіндігінше жеткізіліп, бағасын алды деп есептеуге болатындығы белгілі.

### **Ұсыныстар**

Ұлтымыздың нақты шындыққа негізделген толыққанды тарихын жасаудың басты талабы - қазақ халқының өткен кезеңдеріне байланысты бүгінге дейін ғылыми байланысқа енбеген шетелдік, отандық деректердің барлығын пайдалану болып табылады.

Солардың ішіндегі архив мәліметтерін, шетелдердегі байырғы жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу орталықтары, тарихи мұражайларының құжаттарымен жұмыс істеу аса маңызды.

---

Осылармен бірге барынша құнды деректер пайдаланылған ғылыми мақалаларды шетелдік жоғары рейтингтік журналдарда мүмкіндігінше молынан жариялау қажеттілікке айналып отыр.

Міне осындай талаптар іске асырылғанда көне заманнан Еуразия құрлығының орталығындағы кең-байтақ өңірде өмір сүріп, өз заманында іргелі де қуатты мемлекеттер құрып, әлемдік өркениеттің бел ортасында болған халқымыздың ата-бабаларының, олардың заңды мұрагері – қазақ халқының толыққанды тарихын жасауға болады, біздің тарихымыз әлемдік тарих ғылымының құрамдас бөлігіне айналады деген ұсынысар айтамыз.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иоанн де Плано Карпини. История Монголов., Вильгельм де Рубрук. Путешествие в Восточные страны. Введение, перевод и примечания А.И.Малеина, с приложением 8 рисунков, карты и указателей. – Санкт-Петербург. Издание А.С.Суворина, 1911. – С.201
2. Герберштейн и его историко-географические известия о России: С прил. материалов для историко-географического атласа России XVI в. / Соч. Е. Замысловского. – Санкт-Петербург: тип. бр. Пантелеевых, 1884. – [2], IV. – 563 с.; 24 см.
3. Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевания сей земли российским оружием / Сочиненная на немецком языке и в собрании Академическом читанная членом Санкт-Петербургской академии наук и профессором древностей и истории, так же членом Исторического Геттингского собрания Иоганном Ебергардом Фишером. – Санкт-Петербург: при Императорской Академии наук, 1774. – [2]. – 631 с.
4. Перевод с предисловия, сочинённого профессором Гмелиным к первому тому «Флоры сибирской» / Пер. с нем. С. П. Крашенинникова. — СПб.: Тип. АН, 1749. – 84 с.
5. Описание всех обитающих в Российском государстве народов и их житейских обрядов, обыкновений, одежды, жилищ, вероисповеданий и прочих достопамятностей. Ч.2. О народах татарского племени и других не решенного еще происхождения северных сибирских. Киргизы. Иждивением книгопродавца Ивана Глазунова с позволения С.Петербургской Цензуры. – Санкт-Петербург, при Императорской Академии Наук, 1799, [4]. – 178 с.; 30 л. Илл
6. URL:<https://e-history.kz/kz/news/show/2113/> (қаралған мерзімі: 25.05.2021).
7. Сибирский вестник, издаваемый Григорием Спасским. 1818 год, Ч. 4. – Санкт –Петербург, 1819 г. – 566 с.
8. Киргиз-кайсаки // Азиатский вестник, издаваемый Григорием Спасским, 1825. Кн. 1. – Тип. Мед. департамента М-ва внутр. дел, 1826. – С.369-371
9. Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемое Императорской Академией Наук, по предложению его Президента. С замечаниями, изъяснениями и дополнениями. Том



седьмой, заключающий в себе дополнительные статьи к Запискам путешествия Академика Фалька. Поездка Христофора Барданеса в Киргизскую степь по препоручению Академика Фалька. Второе путешествие Барданеса в Киргизскую и Зюнгорскую степь 1771 года., В Санкт-Петербург, при императорской Академии Наук, 1825. – С.18

10. К.Ф.Ледебур., А.А.Бунге., К.А.Мейер. Путешествие по Алтайским горам и джунгарской Киргизской степи, Новосибирск, 1993 К.Ледебур. Путешествие по Алтайским горам и предгорьям Алтая, Дерпт, январь 1829 г. ( тире) 350 стр.

11. Описание Джунгарии и Восточного Туркистана в древнем и нынешнем состоянии. Переведено с Китайского монахом Иакинфом. Ч.1. Казак.. – Санкт-Петербург, 1829. – С.144-145

12. Описание Западной Сибири Ипполита Завалишина. – Москва, 1862. – 432 с.

13. А. Вамбери. Очерки Средней Азии: (дополнение к «Путешествию по Средней Азии») / А. Вамбери, профессора восточных языков и литературы при Пражском университете. - М.: тип. А.И. Мамонтова, 1868. [3], 362 Очерки Средней Азии А.Вамбери, профессора восточных языков и литературы при Пражском университете. – Москва, 1868 . – С.273- 274

14. Землеведение Азии: география стран, находящихся в непосредственных сношениях с Россиею, т.е. Китайской империи, Независимой Татарии, Персии и Сибири Карла Риттера; Т. 4. Дополнение к т. 3: Алтайско-саянская горная система в пределах Русской империи и по китайской границе по новейшим сведениям 1832-1876 года / сост. П. П. Семеновым и Г. Н. Потаниным]. – 1877. – 762 с.

15. Краины России. Сибирь, Туркестан, Кавказ и полярная часть Европейской России. С приложением карты окраины Российской империи. Под редакцией П.П.Семенова, Вице-Председателя Русского Географического Общества, Санкт-Петербург, 1900. – 288 с.

16. Азия / Соч. проф. Вильгельма Сиверса; Пер. со 2-го перераб. нем. изд. Г.Г. Генкеля, под ред. проф. Харьк. ун-та А.Н. Краснова. – Санкт-Петербург: тип. кн. т-ва «Просвещение», [1908]. - XII, 758 с., 36 л. цв. ил., карт.: ил.; 26.

17. Дж. Кеннанъ. Сибирь и Ссылка. (Очерки из жизни политических ссыльных) Ч.1. – Санкт-Петербург, 1906 г. – 161 с.

## REFERENCES:

1. Ioann' de Plano Karpini. Istorija Mongalov [History of the Mongals], Vil'gel'm de Rubruk. Puteshestvie v Vostochnye strany [Travel to Eastern countries]. Vvedenie, perevod iprimechanija A.I.Maleina, s prilozhenijem 8 risunkov, karty i ukazatelej. – Sankt-Peterburg. Izdanie A.S.Suvorina, 1911. – S.201

2. Gerbershtejn i ego istoriko-geograficheskie izvestija o Rossii: S pril. Materialov dlja istoriko-geograficheskogo atlasa Rossii XVI v. [Herberstein and his historical and geographical news about Russia: With adj. Materials for the historical and geographical atlas of Russia in the 16th century] / Soch. E. Zamyslovskogo. – Sankt-Peterburg: tip. br. Panteleevyh, 1884. – [2], IV. – 563 s.; 24 sm.

3. Sibirskaja istorija s samago otkrytija Sibiri do zavoevanija sej zemli rossijskim oruzhiem [Siberian history from the very discovery

---

of Siberia to the conquest of this land by Russian weapons] / Sochinennaja na nemeckom jazyke i v sobranii Akademicheskomo chitannaja chlenom Sanktpeterburgskoj akademii nauk i professorom drevnostej i istorii, tak zhe chlenom Istoricheskago Gettingskago sobranija logannom Ebergardom Fisherom. – Sanktpeterburg : pri Imperatorskoj Akademii nauk, 1774. – [2]. – 631 s.

4. Perevod s predislovija, sochinjonno go professorom Gmelinym k pervomu tomu «Flory sibirskoj» [Translation from the preface by Professor Gmelin to the first volume of «Siberian Flora»] / Per. s nem. S. P. Krasheninnikova. — SPb.: Tip. AN, 1749. – 84 s.

5. Opisanie vseh obitajushhij v Rossijskom gosudarstve narodov i ih zHITEJSKIH obrjadov, obyknovenij, odezhdy, zhilishh, veroisovedanii i prochih dostopamjatnostej. Ch. 2. O narodah tatarskago plemeni i drugih ne reshennago eshhe proizhazhdenija severnyh sibirskih. Kirgizy. [Description of all peoples living in the Russian state and their everyday rituals, customs, clothes, dwellings, religion and other attractions. Part 2. About the peoples of the Tatar tribe and other unresolved origins of the northern Siberian ones. Kyrgyz.] Izhdiveniem knigoprodavca Ivana Glazunova s pozvolenija S.Peterburgskoj Cenzury. – Sankt-Peterburg, pri Imperatorskoj Akademii Nauk, 1799, [4]. – 178 c.; 30 l. III

6. URL:<https://e-history.kz/kz/news/show/2113/> (қарапған мерзімі: 25.05.2021).

7. Sibirskij vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim [Siberian Bulletin published by Grigoriy Spassky]. 1818 god, Ch. 4. – Sankt-Peterburg, 1819 g. – 566 s.

8. Kirgiz-kajsaki [Kirghiz-Kaisaki ] // Aziatskij vestnik, izdavaemyj Grigoriem Spasskim, 1825. Kn. 1. – Tip. Med. departamenta M-va vnutr. del, 1826. – S.369-371

9. Polnoe sobranie uchenyh puteshestvii po Rossii, izdavaemoe Imperatorskuju Akademiju Nauk, po predlozheniju ee Prezidenta. [Complete collection of scientists traveling in Russia, published by the Imperial Academy of Sciences, at the suggestion of its President.] S zamechanijami, izjasnenijami i dopolnenijami. Tom sed'moj, zakljuchajushhij v sebe dopolnitel'nye stat'i k Zapiskam puteshestvija Akademika Fal'ka. Poezdka Hristofora Bardanesa v Kirgizskuju step' po preporucheniju Akademika Fal'ka. Vtoroe puteshestvie Bardanesa v Kirgizskuju i Zjungorskuju step' 1771 goda., V Sankt-Peterburg, pri imperatorskoj Akademii Nauk, 1825, s.18

10. K.F.Ledebur., A.A.Bunge., K.A.Mejer. Puteshestvie po Altajskim goram i dzhungarskoj Kirgizskoj stepi [Journey through the Altai mountains and the Dzungarian Kyrgyz steppe], Novosibirsk, 1993 K.Ledebur. Puteshestvie po Altajskim goram i predgor'yam Altaya [Travel through the Altai mountains and the foothills of Altai], Derpt, yanvar' 1829 g. ( tire) 350 str.

11. Opisanie Dzhungarii i Vostochnogo Turkistana v drevnem i nyneshnem sostojanii. [Description of Dzungaria and Eastern Turkistan in the ancient and present state]. Perevedeno s Kitajskogo monahom lakinfom. Chast' 1.Kazak., Sankt-Peterburg, 1829, ss.144-145

12. Opisanie Zapadnoj Sibiri Ippolita Zavalishina [Description of Western Siberia by Ippolit Zavalishin]. Moskva, 1862. ss.36,39

13. A.Vamberi. Oчерki Srednej Azii [Essays on Central Asia] (dopolnenie k «Puteshestviju po Srednej Azii») / A. Vamberi, professora vostochnyh jazykov i literature pri Prazhskom universitete. - M.: tip. A.I. Mamontova, 1868. [3], 362

14. Zemlevedenie Azii: geografija stran, nahodjashhihsja v neposredstvennyh snoshenijah s Rossieju, t.e. Kitajskoj imperii, Nezavisimoj Tatarii, Persii i Sibiri [Geography of Asia: the geography of countries in direct relations with Russia, i.e. Chinese Empire, Independent Tatarstan, Persia and Siberia] Karla Rittera; T. 4. Dopolnenie k t. 3: Altajsko-sajanskaja gornaja sistema v predelah Russkoj imperii i po kitajskoj granice po novejsim svedenijam 1832-1876 goda / sost. P. P. Semenovym i G. N. Potaninyim]. – 1877. – 762 s.
15. Okrainy Rossii. Sibir', Turkestan', Kavkaz i poljarnaja chast' Evropejskoj Rossii [Outskirts of Russia. Siberia, Turkestan, the Caucasus and the polar part of European Russia]. S prilozheniem karty okrainy Rossijskoj imperii. Pod redakcieju P.P.Semenova, Vice-Predsedatelja Russkogo Geograficheskogo Obshhestva, Sankt-Peterburg, 1900, s.121
16. Azija [Азия]. Soch. prof. Vil'gel'ma Siversa; Per. so 2-go pererab. nem. izd. G.G. Genkelja, pod red. prof. Har'k. un-ta A.N. Krasnova. – Sankt-Peterburg: tip. kn. t-va «Prosveshhenie», [1908]. - XII, 758 s., 36 l. cv. il., kart.: il.;
17. Dzh. Kennan'. Sibir i Ssylka [Siberia and Exile]. (Ocherki iz zhizni politicheskikh sssl'nyh) ChAST" 1., Sankt-Peterburg, 1906 g., – 161 s.